



Тауарларды сатып алу туралы шарт №1031540/2024/2

14.10.2024 жылғы

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы атынан 20.05.2024 жылғы №7-ЦЖС сенімхаты, негізінде қызмет ететін Директор Кенжебаев Мирамбек Сермаганбетович, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, "Кентау трансформатор зауыты" акционерлік қоғамы атынан Жарғы, негізінде қызмет ететін Председатель Правления Кенжебеков Мухтар Умирбекович, екінші жақтан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1031540 негізінде осы Тауарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегідей келісімге келді.

Әлеуетті өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес тауарларды (бұдан әрі - Тауар) жеткізуге және Тапсырыс берушінің иелігіне тапсыруға, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттерін тиісті түрде орындаған кезде осы Шарттың талаптарына сәйкес Тауарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың сомасы және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 3346560.00 (үш миллион үш жүз қырық алты мың бес жүз алпыс) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа №1 Қосымшада берілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен жасалады:

2.4. Аванс төлемі (алдын ала төлем) Өнім берушінің авансты қайтаруды қамтамасыз етуді /аванстық төлемді төлеуге арналған шотты берген күннен күнтізбелік 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей емес жасалады. Аванс төлемі (алдын ала төлем), Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған шарт кезінде төленеді. Өнім беруші аванс төлемінен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда осы аванс төлемі (алдын ала төлем) төленбейді.

Егер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету/ аванстық төлемді төлеуге арналған шот көрсетілген мерзімдерде ұсынылмаған жағдайда, сатып алу туралы шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші сатып алу туралы жасалған Шарттың талаптарында айқындалған мерзімдерде аванс төлемей жүргізеді.

2.4.1. Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванстық төлем (алдын ала төлем) мынадай құжатты (құжаттарды) ұсыну негізінде жүргізіледі:

2.4.1.1. Аванстық төлемді төлеуге арналған шот;

2.5. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдау - беру актісі (актілері)) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Электрондық шот-фактуралар;

2.5.2. Тауарды қабылдау - тапсыру актісі.

2.5.3. Шарттың 5.4-тармағында көрсетілген құжаттарды;

2.6. Қабылдау-тапсыру актісін (лерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ акпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі - Жүйе) жібереді. Тауарларды қабылдау-тапсыру актісін (лерін) Жүйеде электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға рұқсат беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш беруіне/қол қоюына байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.8. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұдан бұрын төленген алдын ала төлемді есепке ала отырып жүргізіледі.

2.9. Осы шарттың төлемі Тапсырыс берушінің филиалы арқылы жүзеге асырылады:

«ҚТЖ» ҰК» АО филиалы «Жамбыл магистралдық желі бөлімшесі».





Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Привокзальная көшесі, 1 үй.

BSN 011241000908

ЖСК KZ276010161000027152

"Қазақстан Халық банкі" АҚ

BSK HSBKZKX

2.10. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шарттың №1, №2 Қосымшаларына сәйкес мекенжайға және мерзім ішінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тапсырыс беруші қабылдау-беру актісіне қол қойған күн тауарды жеткізу күні болып есептеледі. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісіне сәйкес және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша жеткізеді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші қабылдап алу-беру актісіне қол қойған күннен бастап Тапсырыс берушіге Өнім берушіден ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

3.3. Өнім беруші тауарды межелі пунктке жөнелткен уақыттан бастап бір тәулік мерзімде бұл туралы Тапсырыс берушіге жеделхатпен, факс не телефонограмма арқылы хабарлауға міндетті. Хабарламада тиеу күні, жөнелту күні, теміржол вагонының нөмірі немесе автокөлік құралы мен тіркеменің мемлекеттік нөмірі, шарттың нөмірі мен күні, Тауардың атауы мен саны көрсетіледі.

3.4. Жеткізуші Тапсырыс берушінің келісімінсіз әкелген тауарды соңғысы өнім берушінің есебінен жауапты сақтауға қабылдауы мүмкін.

3.5. Жеткізу базисі: тендерлік шарттарға сәйкес (Инкотермс).

3.6. Тасымалдау құжаттарын ресімдеуді Тапсырыс берушінің филиалы – "Магистральдық желі дирекциясы" жетекшілік ететін Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесі жүргізеді. Жүк тиелген жай – күйдегі жылжымалы құрамды тауардың межелі пунктінен Тапсырыс берушінің соңғы алушысы тауар түсіретін межелі пунктке дейін тасымалдау үшін төлем Тапсырыс берушінің филиалы - "Магистральдық желі дирекциясы" жетекшілік ететін Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесінен алынады (инертті материалдар жеткізілген жағдайда шартта қолданылады).

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес және өзі өндірген Тауарды жеткізуге;

4.1.2. Шартқа қол қойған күнінен кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, Өнім берушінің аванс төлемінен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайды және Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, _____ түрінде Шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық төлеуге дейін жарамдылық мерзіммен авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді енгізуге.

4.1.3. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзім ішінде және талаптар негізінде жеткізілетін Тауарға құжаттарды беруге міндеттенеді, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) электрондық құжат нысанында Шартта жергілікті қамту үлесінің есебі (Жүйеде беріледі). Соңғы Қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі.

4.1.3.2. Сатып алынатын Тауардың партиясына/сериясына СТ-KZ нысанындағы Сертификатты (түпнұсқа, нотариалды түрде куәландырылған көшірме не ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірме) ұсынуға.

4.1.3.3. Шарттың 5.4-тармағында көрсетілген құжаттар

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға міндеттенеді.

4.1.5. Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда, нақты шеккен шығыстарды ескере отырып, Тапсырыс беруші төлеген авансты (алдын ала төлемді) Тапсырыс берушіге қайтаруға.

4.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау шеңберінде ұсынуға міндеттенеді.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қояды талап етуге.





4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдауға.

4.3.2. Өнім берушіден Тауарды қабылдау-беру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт бойынша қажетті ақпаратты толтыруға және ескертулер болмаған жағдайда Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қоюға немесе дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Өнім берушіге Тауарларды қабылдаудан бас тартуды жіберуге;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жасауға.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген сапаға және санға сәйкес Тауарды алуға;

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы өнім тізімдемесіне сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқылы.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардың техникалық сипаттамаға және Шарттың талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген Тауарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Тауарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Өнім беруші тауардың межелі пунктіндегі Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

5.3.1. тауардың жиынтықтылығы, оның техникалық сипаттамалары, пайдалану қағидалары, кепілдіктері туралы мәліметтерді және тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді (сапа сертификаты/техникалық паспорт және т.б.) қамтитын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері. Көрсетілген құжат (құжаттар) мынадай жағдайларда ұсынылмайды: егер жоғарыда аталған ақпарат тауардың өзінде және/немесе оның орамында көрсетілсе; егер тауардың сапасы дайындаушы кәсіпорынның (техникалық бақылау бөлімінің) мөртабымен, штрих-кодпен немесе тауардың өзінде және/немесе оның орамында басқа да белгімен расталса (дайындаушы зауыттың хатында көрсетілген белгілердің толық жазылуы берілуі тиіс).

Жолдың жоғарғы құрылысының материалдары жеткізілген жағдайда шарттың 5.3.1-тармағында қажетті құжатта тауардың әрбір партиясына дайындаушы кәсіпорынның техникалық бақылау қызметінің қабылдау-тапсыру сынақтары және оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін тауарды /не оның бұйымын кәдеге жарату тәртібі туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Егер шарт кенсе тауарларын, полиграфиялық өнімді сатып алу туралы жасалған жағдайда, осы тармақша қолданылмайды;

5.3.2. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы не Кеден одағының сертификаттау жөніндегі органдарының және сынақ зертханаларының (орталықтарының) бірыңғай тізіліміне енгізілген сертификаттау (бағалау/сәйкестікті растау) жөніндегі аккредиттелген орган, сынақ зертханасы (орталығы) берген/берген белгіленген үлгідегі тауардың сертификатының/сәйкестік декларациясының түпнұсқасы/нотариат куәландырған көшірмесі немесе көшірмесі. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауар міндетті сертификаттауға жатпайтын болса, онда Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы хатының түпнұсқасын немесе нотариат куәландырған көшірмесін ұсыну қажет. Осы тармақша егер шарт DDP (Инкотермс-2010) шарттарында жасалған жағдайда қолданылады;

5.3.3. өлшем құралының типін бекіту туралы құжаттың түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі немесе өлшем құралының типін өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы/нотариат куәландырған көшірмесі. Осы тармақша DDP (Инкотермс-2010) шарттарында жасалған шарт бойынша өлшеу аспаптарын жеткізген жағдайда қолданылады;

5.3.4. өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемесіне сәйкес мемлекеттік метрологиялық қызметті салыстырып тексеруші немесе аккредиттелген заңды тұлғаның метрологиялық қызметі берген салыстырып тексеру туралы сертификаттың нотариат куәландырған көшірмесі. Осы тармақша DDP (Инкотермс-2010) шарттарында жасалған шарт бойынша өлшеу аспаптарын жеткізген жағдайда қолданылады;

5.3.5. СТ-KZ нысанындағы Сертификат(тар) сатып алу туралы шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне(санына) ұсынылуы тиіс.

5.3.6. "электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесі арқылы және Шартқа 7-қосымшаға сәйкес жазып берілген электрондық шот-фактура немесе шот-фактураның түпнұсқасы;

5.3.7. тауарды қабылдап алуға-беруге қатысатын тұлғаның өкілеттігін куәландыратын сенімхаттың түпнұсқасы;

5.3.8. Шығыс жүкқұжатының түпнұсқасы (бір данада ұсынылады);





5.3.9. жергілікті қамту бойынша есептілік.

5.4. Өнім беруші Өнім берушінің және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері тауарды қабылдауды растайтын құжатқа (бұдан әрі-тауарды қабылдау туралы акт) қол қойғаннан кейін Тапсырыс берушінің шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне тауарға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

5.4.1. тауарды қабылдап алу-беру туралы актінің түпнұсқасы;

5.4.2. "электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық шот-фактура немесе шот-фактураның түпнұсқасы және шығыс жүкқұжатының түпнұсқасы; егер шарт DAP (Инкотермс-2010) шарттарында жасалған жағдайда, осы тармақша мынадай редакцияда жазылады: "шот-фактураның және/немесе тауарды сипаттай отырып, оның санын, тауардың бірлігі үшін бағасын және тауар партиясының құнын, сондай-ақ Шығыс жүкқұжатын көрсете отырып, өзге де құжаттың түпнұсқасы;"

5.4.3. тауарды қабылдауға қатысатын өнім беруші мен Тапсырыс беруші өкілдерінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхаттар);

5.4.4. өнім берушінің және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері қол қойған тауарды орнату (монтаждау) бойынша көрсетілген қызметтер туралы актінің көшірмесі (тауарды орнату немесе монтаждау бойынша қызметтердің құны тауар құнына қосылған жағдайда, шартта қолданылады).

5.4.5. Шарттың 5.3 - тармағының 5.3.1-5.3.9, 5.3.13-тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелері.

5.5. Жеткізілген тауарды қабылдауды Жеткізушінің өкілі және Тапсырыс берушінің өкілі қарап тексеру арқылы және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады. Шарттың 5.3-тармағында санамаланған құжаттардың қандай да бірі болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші тауарды қабылдаудан бас тарту немесе оны өнім берушінің есебінен жауапты сақтауға қабылдау құқығын өзіне қалдырады.

Өнім беруші Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген құжаттарды тауар межелі станцияға келіп түскен күні ұсынбаған жағдайда, тауарды кедендік режиммен сақтауға байланысты барлық шығыстар (уақытша сақтау қоймасының қызметтері және т.б.) өнім берушіге ұсынылады. Өнім беруші көрсетілген шығыстарды Тапсырыс беруші төлем туралы талап қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлейді. Өнім беруші ұсынылған шығыстарды төлеуден бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Тапсырыс беруші Өнім берушіге төлеуге тиіс сомадан ұстап қалады. Осы абзац, егер шарт DAP (Инкотермс-2010) шарттарында жасалған жағдайда, шартта қолданылады.

5.6. Тауарды саны бойынша қабылдау оның нақты болуы бойынша жүргізіледі және өнім беруші Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген құжаттарды Тапсырыс беруші мен өнім берушінің уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ұсынған жағдайда, өнім беруші мен Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері қол қоятын тауарды қабылдау туралы актімен ресімделеді.

5.7. Тауарды дайындаушы кәсіпорында алдын ала қабылдау қажет болған жағдайда өнім беруші тауар тасымалдауға дайын болғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Тапсырыс берушіге тауардың санын, сапасы мен жинақтылығын тексеруді, сондай-ақ оны Тапсырыс берушінің қоймасына алып жүруді жүзеге асыру мақсатында Тапсырыс берушінің өз өкілін жіберуі үшін ол туралы жеделхатпен немесе факс арқылы хабардар етуге міндетті. Тапсырыс беруші Өнім берушінің хабарламасын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жеделхатпен немесе факс арқылы мынадай мәліметтерді: Тапсырыс беруші өкілінің Т.А.Ө., лауазымын, оның шыққан күні мен уақытын хабарлауға міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші өкілінің тауарды алдын ала қабылдауы бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді.

5.8. Тауарды сапасы бойынша қабылдау Шарттың 5.3-тармағында, Шартқа №1, №2 қосымшаларда көрсетілген құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

5.9. Шарттың 5.6-тармағына сәйкес қойылатын сапа талаптарына сәйкес келмейтін тауар табылған кезде Тапсырыс беруші мұндай тауарды қабылдамайды және Шарттың 5.10-тармағында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, өнім берушінің есебінен оны жауапты сақтауға ресімдейді.

5.10. Егер Өнім беруші Шарттың 5.5, 5.9 және 3.3-тармақтарында көрсетілген жағдайларда тауарды жауапты сақтау туралы шартқа қол қоядан бас тартса, онда Тапсырыс беруші тауардың сақталуы үшін жауапты болмайды.

5.11. Тиісті емес сападағы тауарды қабылдау кезінде, монтаждау, баптау және пайдалану кезеңінде, сондай-ақ Шарттың 7.4-тармағында көрсетілген кепілдік мерзімі ішінде, Тапсырыс беруші тауарды сақтау шарттарын және/немесе пайдалану қағидаларын сақтаған кезде Өнім беруші оған қоса берілген растайтын құжаттармен (сараптама актісімен, тауар-көлік жүкқұжаттарымен және т.б.) негізделген талап-шағымды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде, Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз анықталған сапасыз Шағымды алған күн оның өкілінің қолма-қол алған күні немесе берушінің пошта байланыс бөлімшесінің мөртабанында көрсетілген күн болып есептеледі. Тауардың кемшіліктерін анықтау фактісі құрамына Тапсырыс берушінің өкілі мен өнім берушінің өкілі кіретін комиссияның актісімен расталады. Өнім берушінің өкілін шақыру міндетті және оны жеделхат жіберу арқылы тапсырыс берушінің өкілі жүзеге асырады. Өнім беруші Тапсырыс берушінің өкілін шақыруды алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей тауар санын, сапасын және жиынтықтылығын тексеруге қатысу үшін өнім берушінің өкілі жіберілетінін-жіберілмейтінін жеделхатпен немесе факс арқылы хабарлауға міндетті. Жеткізушіден көрсетілген мерзімде шақыруға жауап алмаған немесе өнім беруші өз өкілін жіберуден жазбаша бас





тартқан жағдайда, тауарды қабылдауды Комиссия жүзеге асырады, оның құрамына Тапсырыс беруші тарапынан Тапсырыс берушінің тауарды қабылдайтын құрылымдық бөлімшесінің басшысы немесе басшысының орынбасары уәкілеттік берген кемінде үш құзыретті тұлға кіруі тиіс. Бұл жағдайда Комиссия мүшелері жасаған және қол қойған тауарлардың кемшіліктері туралы акт жеткізушіге дәлелді талап қою үшін заңды негізделген негіз болып табылады. Егер Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай кінә қою өнім беруші деп танылады және өнім беруші өз тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама алған кезден бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тауардың жеткіліксіз жеткізілген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.12. Тауарлардың көлемі жеткіліксіз болған және талап етілетін сапасының болмауы анықталған жағдайда Өнім беруші 30 (отыз) жұмыс күндері ішінде Тауардың жеткізілмеген саны және сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді, мұндай жағдайда Тауардың жеткізілмеген бөлігін жеткізу бойынша шығындарды Өнім беруші төлейді.

5.13. Егер комиссиялық қарап тексеруді жүргізу кезінде өнім беруші мен Тапсырыс берушінің арасында тауардың кемшіліктері бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар қорытындысын Тараптар сөзсіз қабылдайтын уәкілетті органның (сауда-өнеркәсіп палатасы және т.б.) өкілін шақырады.

5.14. Тауардың кемшіліктері туралы актіге Сауда-Өнеркәсіп палатасының өкілі қол қойған жағдайда, оның қатысуына байланысты шығыстарды және өзге де шығындарды өнім беруші өтейді.

6. Тауарды тасымалдау, жинақтау және тауардың ыдысы

6.1. Тауарды тасымалдау тауардың сапалық және сандық сақталуы қамтамасыз етілген жағдайда жүргізілуге тиіс.

6.2. Тауардың ыдысы, қаптамасы және таңбалануы сатып алынатын тауар түрін тасымалдауға қойылатын белгіленген талаптарға қатаң сәйкес келуі тиіс.

6.3. Өнім беруші тауарды соңғы межелі пунктке тасымалдау кезінде оның зақымдануынан немесе бүлінуінен сақтай алатын сапалы орауды қамтамасыз етуге міндетті. Қаптама қандай да бір шектеусіз қарқынды Көтеру-тасымалдау өңдеуіне және тасымалдау кезінде экстремалды температуралардың, тұздар мен жауын-шашынның әсеріне, сондай-ақ ашық сақтау жағдайларына төзуі тиіс.

6.4. Тапсырыс беруші тауарды тиеуге жылжымалы құрамның берілгені туралы Өнім берушінің үш тәулік бұрын хабардар етеді. Бұл ретте хабарламаны Тапсырыс беруші филиалының жол және құрылыстар департаменті – "Магистральдық желі дирекциясы" Тапсырыс берушінің филиалдарына телеграфтық нұсқау түрінде - кеңейтілген жол дистанцияларын, жол дистанцияларын өнім беруші күні мен уақытын көрсете отырып, хабарламаны алғаны туралы қол, мөр қою арқылы куәландыру үшін жіберуі тиіс (қолма-қол және электрондық мекенжайға ұсынылады). (инертті материалдар жеткізілген жағдайда шартта қолданылады).

6.5. Тауар "Магистральдық желі дирекциясы" филиалының жол және құрылыстар департаментінің өтінімі бойынша тиеуге жылжымалы құрамды беру фактісі бойынша тауардың сапалы және сандық сақталуын қамтамасыз ететін темір жол көлігімен тасымалдануы тиіс. (инертті материалдар жеткізілген жағдайда шартта қолданылады).

6.6. Жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта тауарды тиеу кезінде вагондарды беруге-алып кетуге және вагондардың тұрып қалуына байланысты шығыстар өнім берушінің шотына жатқызылады. (инертті материалдар жеткізілген жағдайда шартта қолданылады).

7. Кепілдік және Сапа

7.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін сапаға кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

7.2. Жеткізілетін тауардың сапасы Шарттың 5.3-тармағының 5.3.1 және 5.3.2-тармақшаларында көрсетілген құжаттармен расталуға және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес келуге тиіс.

7.3. Тауарды дайындау күні-жеткізу күнінің алдындағы бір жылдан кешіктірмей, бұл ретте тауар жаңа, пайдалануда болмаған болуға тиіс.

7.4. Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 12 месяцев белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді, немесе шарттың №1, 2-қосымшаларында, зауыттық сапа сертификатында, техникалық паспортта және/немесе өзге де құжатта бір жылдан астам мерзім көрсетілген жағдайда, онда ең көп болып табылатын мерзімдер бойынша талаптар қолданылатын болады.

7.5. Тапсырыс беруші өз бастамасы бойынша немесе өнім берушінің бастамасы бойынша тауардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін оған техникалық бақылау және/немесе сынақ жүргізе алады. Осы сынақтарға арналған барлық шығыстарды олар өз бастамасы бойынша жүргізілген Шарттың Тарабы көтереді. Бұл ретте Тараптар Тараптардың бірінен Дайындаушы зауытта және/немесе межелі пунктте тауарға сынақ жүргізу қажеттігі туралы хат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сынақтар жүргізуге қатысқаны туралы өз өкілдерін жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

7.6. Егер көрсетілген сынақтар өнім берушінің аумағында жүргізілсе, онда Тапсырыс берушінің өкілдеріне барлық қажетті құралдар беріледі және Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз өндірістік ақпаратқа қол жеткізуге жәрдем көрсетіледі.

7.7. Егер тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылғанға дейінгі жағдайларды қоса алғанда, тауарды техникалық бақылауды және/немесе сынауды жүзеге асыру кезінде оның осы Шарттың, нормативтік-техникалық құжаттардың, стандарттардың талаптарына сәйкес келмеуі





анықталса, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша құқылы:

7.7.1. тауардан бас тартуға құқылы және өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті талапты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз, шартта белгіленген сапалық сипаттамаларға сәйкес келетін тауарға не тауар партиясына осындай тауарды ауыстыруды жүргізеді, сондай-ақ Тапсырыс берушіге сапасыз тауарды ауыстыруға байланысты барлық шығыстарды (сынактар жүргізу, бөлшектеу, монтаждау, тасымалдау, терезелер, техниканы жалға алу және т. б. шығыстар) өтейді.;

7.7.2. шарт талаптарына сәйкес келмейтін тауарды жеткізуге байланысты барлық шығыстар мен залалдарды (нұқсанды) өтей отырып, жеткізілген тауар не тауар партиясы үшін ақшаны толық көлемде қайтару жүргізілсін (қабылдау-беру актісіне қол қойылғанға дейін сапасы лайықсыз тауарды анықтау жағдайларын қоспағанда).

7.8. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауарда ақаулар немесе Шарттың талаптарына сәйкессіздігі анықталған болса, Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті талаптарды алған сәттен бастап 30 (отыз) ішінде өз есебінен ақаулы Тауарды жаңа Тауарға ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстыру сәтінен бастап басталады. Тауарды ауыстыру бойынша барлық шығындарды Өнім беруші төлейді.

7.8.1. шарт талаптарына сәйкес келмейтін тауарды жеткізуге байланысты барлық шығыстар мен залалдарды (нұқсанды) өтей отырып, жеткізілген тауар не тауар партиясы үшін ақшаны толық көлемде қайтару жүргізілсін.

7.8.2. Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз, тауарды кейіннен ауыстыруға байланысты барлық шығыстар мен залалдарды (нұқсанды) өтей отырып, ақаулы тауарды не тауар партиясын шарт талаптарына сәйкес келетін жаңасына өз есебінен ауыстыру, немесе

7.9. Егер Тауарды ауыстыру Өнім берушінің кінәсі бойынша кешіктірілген болса, кепілдік мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.

7.10. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру жөніндегі барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

8.2.1. Өнім беруші Шартта белгіленген Тауарды жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізудің әр өткізіп алған күні үшін уақытында жеткізілмеген Тауар құнының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының сомасынан 10%-ынан артық емес мөлшерде өсімпұл төлейді;

8.2.2. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті Қабылдау – беру актісіне Тараптар қол қойғанға дейін Өнім беруші төлеуге тиіс Шарттың жалпы құнының 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

8.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.2.4. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.2.5. Өнім беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не өнім беруші Тапсырыс берушіге байланысты емес себептер бойынша оларды орындаудан бас тартқан жағдайда, өнім беруші тапсырыс берушіден жұмыс істелмеген аванстық төлемді қайтару туралы хабарлама алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде алынған жұмыс істелмеген аванстық төлемді қайтаруды жүргізуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге ақшаны пайдаланған әрбір күн үшін жұмыс істелмеген аванстық төлем сомасының 0,1% (оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ жұмыс істелмеген аванстық төлем сомасының Бұдан басқа, өнім беруші Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдың орнын толтыруға міндетті (аванстық төлем төленген жағдайда қолданылады).

8.2.6. Өнім берушінің кінәсінен тиеуді 12 (он екі) сағаттан артық күткен станцияда вагондар тұрып қалған жағдайда, өнім беруші вагонның әрбір бірлігінің тұрып қалуының әрбір сағаты үшін 102 (бір жүз екі) теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Айыппұлды есептеу 13 (он үшінші) сағаттан басталады. Вагондардың (контейнерлердің) вагон-сағат (контейнер-сағат) үшін теңгемен бос тұрғаны (тоқтап тұрғаны, кідіргені) үшін төлемақы мөлшерлемесіне қатысты тарифтік Нұсқауға өзгерістер енгізілген жағдайда, айыппұл мөлшері тиісті өзгерістер қолданысқа енгізілген уақыттан бастап өзгереді. (инертті материалдар жеткізілген жағдайда шартта қолданылады).

8.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше





орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

8.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.4.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.4.2. Тапсырыс беруші құжаттарды тапсыру мерзімін негізсіз өткізіп алған жағдайда (егер Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды жеткізу үшін құжаттарды тапсыруы қажет болса) Өнім беруші Тапсырыс берушіден мерзімді өткізіп алудың нәтижесінде орын алған шығынды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

8.4.3. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған (Шарттың талаптары бойынша Тауар жеткізу үшін Тапсырыс берушінің Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімін өткізіп алу арқылы келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.5. Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем сомасынан аз сомаға тауарды іс жүзінде жеткізу кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші авансты қайтаруды қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

8.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.7. Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері Шарт сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

8.8. Шартта көрсетілген жағдайларда өнім беруші төлеуге жататын тұрақсыздық айыбының сомасын тапсырыс беруші акцептсіз тәртіппен Тапсырыс берушінің алдында соңғысының кез келген міндеттемелері бойынша өнім берушінің алдындағы өзінің кредиторлық берешегінің сомасынан ұстап қалады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің өнім беруші алдында кредиторлық берешегі болмаған жағдайда айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасын соңғысы тиісті хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді. Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша берілген Тауарлар үшін Өнім берушіге төлеуге жататын сомадан Тапсырыс берушінің алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша, сондай-ақ кез келген міндеттемелер бойынша берешегінің сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша "ҚТЖ "ҰК" АҚ кредиторлық берешегі сомасынан "ҚТЖ "ҰК" АҚ-ның және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде "ҚТЖ "ҰК" АҚ-қа тиесілі ұйымдардың алдындағы кез келген міндеттемелер бойынша өнім берушінің берешек сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

8.9. тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес тауар өндірушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10% - ынан аспауға тиіс.

8.10. Тапсырыс беруші Өнім берушінің/мердігердің берешек сомасын тапсырыс берушінің және/немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы өнім берушінің/мердігердің Тапсырыс беруші және/немесе ұйым алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша өнім берушінің/мердігердің алдында Тапсырыс берушіге тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың кредиторлық берешегі сомасынан акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде Тапсырыс берушіге тиесілі (қатысу үлестері)

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

9.2. Жобаға немесе жасалған Сатып алу туралы шартқа Өнім берушіні таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тармақтарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

9.3.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты;

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

9.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.





9.3.4. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

9.4. Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Шартты бұзған күндегі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

9.5. Сатып алуда Қордың құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Өнім берушіге Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

9.6. Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда оны бұзуға бастамашылық жасаған Тарап екінші Тарапқа шарттың "Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік деректемелері" бөлімінде көрсетілген мекенжай бойынша шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Бұл ретте шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап, оның ішінде көрсетілген хабарлама өнім берушінің кінәсінен заңды мекенжайын ауыстыру себебі бойынша алынбаған жағдайда бұзылды деп есептеледі. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге шартты бұзу күніне Тапсырыс беруші нақты берген және қабылдаған тауарға ақы төлейді.

9.7. Өнім берушінің кінәсінен шарт бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттың 8-бөлімінде белгіленген тұрақсыздық айыбын және жеткізілмеген немесе жеткізілмеген тауар құнының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұлды шегере отырып, шартты бұзу күніне Тапсырыс беруші нақты жеткізген және қабылдаған тауарға ақы төлейді. Егер Тапсырыс берушінің Шартты бұзуға байланысты тұрақсыздық айыбы мен залалдарының жалпы сомасы өнім берушіге төленуге жататын сомадан асып кетсе, онда айырма өнім берушінің Шарт бұзылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге төленуге жататын борышын құрайды.

9.8. Тапсырыс беруші Шартты бұзған жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың бұзылуына байланысты туындаған залалдарды және/немесе тұрақсыздық айыбын көрсетпеуге міндеттенеді.

9.9. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының мазмұнын және/немесе өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.10. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.10.1. Тауарды жеткізбеу (толық емес жеткізу);

9.10.2. Тауарды жеткізу мерзімін бұзған жағдайда (Шартқа №1 және №2 қосымшада көрсетілген);

9.10.3. сапасыз Тауар жеткізу;

9.11. Тауар шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жеткізілмеген жағдайда, Тапсырыс беруші келесі күні шартты біржақты тәртіппен бұзуға (шартты орындаудан бас тартуға) құқылы.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзге түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

10.2. Осы Шартқа сәйкес немесе байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарт нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

10.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

10.6. Барлық хабарламалар, хабарламалар оларды Тараптардың бірі тиісінше алғаннан кейін немесе оларда көрсетілген мерзімде күшіне енеді.

10.7. Тараптар Шарттың "Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік деректемелері" бөлімінде көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда бір-біріне уақтылы жазбаша хабарлауға міндеттенеді. Тапсырыс берушінің өзінің тиеп-жөнелту деректемелерінің өзгергені туралы хабарламасын, егер мұндай хабарлама өнім берушіге жеткізу кезеңі басталғанға дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірілмей





келіп түссе, өнім беруші тауарды тиіп-жөнелту үшін орындауға қабылдайды. Тапсырыс беруші өзінің банктік деректемелерінің өзгергені туралы Өнім берушінің хабарламасын, егер мұндай хабарлама Тапсырыс берушіге төлем мерзімі басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей келіп түссе, тауарға ақы төлеу үшін қабылдайды.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Шарт оған Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 31.12.2024 ж. дейін жарайды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс мажор)

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

12.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, осындай жағдайлар туындаған Тарап:

12.2.1. 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Хабарламада еңсерілмес күш мән-жайларының, тауардың жай-күйінің егжей-тегжейлі сипаттамалары, осындай мән-жайлардың салдарын барынша азайту үшін Тарап қабылдауға ниеттенген ықтимал салдарлар мен шаралар қамтылуға тиіс;

12.2.2. жоғарыда көрсетілген еңсерілмес күш мән-жайлары аяқталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тараптардың атаулары, Шарттан туындайтын міндеттемелердің жалпы сипаттамасы, өтініш бойынша куәлік берілген тұлғаны, куәліктің берілген күні мен орнын, еңсерілмес күш мән-жайларының қолданылу мерзімі туралы ақпаратты қамтуы тиіс сауда-өнеркәсіп палатасы немесе Тарап орналасқан елдің өзге де уәкілетті органы берген куәлікті өз есебінен ұсынуды қамтамасыз етсін, шарт бойынша міндеттемелерді орындауға еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсер ету дәрежесі.

12.3. Тараптар еңсерілмес күш мән-жайларының әрекеті туралы куәлікті ресімдеудің жоғарыда көрсетілген шарттары, хабарлау, куәлік беру мерзімдері сақталмаған жағдайда ешқандай мән-жайлар еңсерілмес күш мән-жайлары ретінде қаралмайтындығына және Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері қандай да бір түрде алып тасталмайтынына немесе шектелмейтініне келісті.

12.4. Егер еңсерілмес күш мән-жайлары күнтізбелік 60 (алпыс) күннен астам жалғасатын болса, онда Тараптардың әрқайсысының шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы болады және Тараптардың бірде-бірінің ықтимал залалдарды екінші Тараптың өтеуін талап етуге құқығы болмайды. Бұл жағдайда Шарт бұзылуы мүмкін, бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушіге осы шартты бұзу күніне Тапсырыс беруші нақты берген және қабылдаған тауарға ақы төлейді.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

13.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді ұсынбайды, төлемейді және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен жіктелетін әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір





ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тапсырыс беруші Шарттың екінші тарапын "ҚТЖ "ҰК" АҚ – дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі-саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шарт жасасу арқылы екінші Тарап Тапсырыс берушінің саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар өз қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға міндеттенеді.

14.8. Шарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, коммерциялық параға сатып алу не Тараптар қызметкерінің өз қызмет жағдайын тараптардың заңды мүдделеріне қайшы ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, жеке немесе моральдық сипаттағы көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтар алу не көрсетілген адамға басқа жеке тұлғалардың осындай пайданы заңсыз беруі және, Қазақстан Республикасының немесе тарап келген және/немесе бизнес жүргізетін елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар).

